

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРС ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалмырза А.

А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Түркітану кафедрасының доценті

aidynasylbek@hotmail.com

Қазіргі пандемиялық жағдайда еліміздің жоғары білім беру саласында жаппай ашық онлайн-курстарға деген мұқтаждық ерекше байқалады. «Цифрлық Қазақстан» атты ауқымды жобаның басталуы, Open University деген еліміздің бірінші онлайн-университетінің ашылуы сияқты әрекеттермен қашықтан білім беру саласында қадамдар нақты қадамдар басталды. Қазақстанның ашық университеті-Ашық онлайн-курстар форматында оқу материалдарын құрумен, сондай-ақ бейне лекцияларды түсірумен және орналастырумен айналысатын қазақстандық коммерциялық емес жоба. Жобаның операторы Ұлттық аударма бюросының қоғамдық қоры болып табылады. Жобаны WikiBilim қоғамдық қоры 2017 жылдың көктемінде Kcell телекоммуникациялық операторының қолдауымен құрды. Бастапқыда жоба математика, бағдарламалау, робототехника сияқты техникалық пәндер бойынша онлайн курстар құруға бағытталған [1]. А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ moodle.enu.kz. – қашықтықтан және аралас оқыту порталы арқылы қашықтан оқыту тәжірибесін арттырып келеді. Дегенмен де, әлі күнге елімізде МООК – жаппай ашық онлайн-курстар мәселесі бірізділікке түспеді, ол туралы ақпарат жеткіліксіздігі мен МООК жобасын амалға асыруда қиындықтар жетерлік. Тіпті қазіргі уақытта қолда бар әдебиеттер МООС туралы жалпы қабылданған анықтаманың да жоқ екенін көрсетеді [2]. Сонымен МООК дегеніміз не?

МООК – жаппай ашық онлайн-курсты әлемдегі барлық адамдар үшін ақысыз және кез-келген жерде, кез-келген уақытта интернет байланысы арқылы қол жетімді курстар ретінде анықтауға болады. Оларға қатысу үшін тек компьютер және интернетке қатынау мүмкіндігі ғана қажет. Ашық онлайн курстарды ашудағы мақсат – әлемнің түрлі елдерінде тұратын оқушыларды және оқытушыларды біріктіру. МООК терминін алғаш қолданған Кристиан Квиннек (2015). Ол қашықтықтан информатика пәнін оқытып, студенттерге өз идеяларын бөлісіп, қашықтықтан бағалауды ұйымдастырды. Содан бері түрлі елдердегі түрлі жағдайы оқу орындары білім беру және оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін, соның ішінде бітіру емтихандарын онлайн режимінде амалға асырудың алуан тәсілдерін тәжірибеден өткізіп келеді. Мысалы, МООС Coursera жетекші платформасы әртүрлі жұмыс және өмір салалары бойынша 2000-нан астам онлайн курстарды ұсынады және жыл сайын бүкіл әлем бойынша 25 миллион тыңдаушы осы тегін онлайн курстардан өтеді және бұл сан тұрақты түрде артып келеді (Coursera, 2018). British Council ұйымының онлайн курстары FutureLearn желісі – британдық OpenUniversity әлеуметтік білім беру платформасында жұмыс істейді, ол 40 жылдан астам уақыт бойы қашықтан және онлайн оқып-үйретумен айналысып келеді.

Қазақстанда «Ақпараттық Қазақстан 2020» мемлекеттік бағдарламасы білім беру саласын цифрландыру мен интернационализациялаудың іргелі ерекшелігі болып табылады. Бұл бағдарлама ниетті тұлғаларға онлайн-білім беру арқылы қажетті кәсіби дағдыларды алуға мүмкіндік беруге бағытталған. Атап айтқанда, бағдарламада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) аспектісін күшейту Қазақстанға өзінің білім беру қызметтерін бүкіл әлем

бойынша неғұрлым икемді ілгерілетуге мүмкіндік беретіні көрсетілген. Осылайша, бұл бүгінгі таңда еңбек нарығы талап ететін жұмысқа қатысты қажетті дағдыларға қолжеткізу үшін танымал халықаралық онлайн курстар арқылы немесе жергілікті деңгейдегі халықаралық оқытушылар құрамының тәжірибесіне негізделген осындай электронды оқу курстарын әзірлеу арқылы сатып алуға болатын қосымша білім беру бағдарламалары туралы ойлауды бастау керек екенін түсінуге көмектеседі.

Ендеше МООК жасау жолдары қандай? Бұл сұраққа келесідей жолдарды ұсынамыз:
МООК жобасына дейін:

• Белгілеу:

– Мақсат-міндеттерді (стратегиялық, педагогикалық)

– Мақсатты аудиторияны

• Іске асыру:

– Алдыңғы тәжірибені зерттеу;

– Іске асырылуын зерттеу, құнын есептеу;

• Зияткерлік меншік мәселелерін реттеу;

• Жоба үшін қажетті құзыретті топты тарту:

– Жетекші жаттықтырушы, жаттықтырушылар, сыртқы қатысушылар, үйлестірушілер,

форумның модераторлары

– Фильмді түсіру, редакциялау және пост-продюсерлеуге жауап беретін бейнетанушылар тобы;

• Әріптестікті қалыптастыру:

– Провайдермен (LMS провайдері)

– Ресурстарды дамыту.

Идеядан жоспарға дейін немесе өнімдер және бета-тест

• Дизайн және өндіріс:

– тапсырмаларды, ресурстарды дамыту

– Кезектілік және жоспарлау

• Әр кезеңдегі бета-тестілеу:

– үшінші тұлғалармен қайталау

– дұрысы - болашақ қатысушылармен

• Прогрестің жылдамдығына келесілер әсер етеді:

– Хабарландыру порталын таңдау

– Курстың тақырыбы

• Байланыс жоспарының тиімділігі

– кең аудиторияға бағытталған іс-шаралар (бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.)

– мақсатты әрекеттер

МООК-ты іске қосу

• Басқару

• Ұйымдастыру (форумдар, сандық әлеуметтік желілер және т.б.)

Оқытуды талдау және қорытындылау

• Жобаның нәтижелері

– Аудиторияны, олардың уәжін түсіну

– Жобадан қанағаттану дәрежесі туралы сауалнама

- Тәжірибені талдау
- Ресурстарды сұрау
- тапсырмаларды орындау
- Бағалау
- Блогтар, әлеуметтік медиа ресурстар, басылымдар
- Басқа әзірлеушілердің көзқарасы бойынша
- Курстық беделге қатысты
- Оқуды қайталау

МООК жасауға бағытталған бұл қадамдар оқытушының қандай тақырыпта, қандай аудиторияға арнап онлайн ресурс жасауына қарамай тиімді тәсілдер бола алады. Сонымен қатар, келесі сілтемелер арқылы МООК жасау тәжірибелерімен кеңінен таныса аласыздар:

- <https://moocs.unige.ch/production/>
- <https://www.youtube.com/watch?v=5FGb3w2vXR8>
- <https://tips.wordpress.com/2012/09/04/faire-son-mooc-lexemple-ditypa/>

Келесі кезекте сізге МООК жасауда септігін тигізер келесі ресурстар тізімін де ұсынамыз:

1. Педагогикалық ресурстар
2. Қолдау немесе сүйемелдеу ресурстары (репетиторлық және т.б.)
3. Ұйымдастырушылық ресурстар (сұхбаттар, оқиғалар және т.б.)

Педагогикалық ресурстарға қатысты өніміңізді пайдалану тұрғысынан ойлау керексіз және ресурсты құру қымбатқа түсетінін білу керексіз. Қазіргі таңда интернет сапалы ресурстарға толы, сондықтан да өнімізге сілтемелер жасаңыз немесе embed жасаңыз. МООК құрамындағы ақпараттардың ескіру мәселесіне де назар аударыңыз.

Сүйемелдеу ресурстары үшін курстың жұмыс істеуін сипаттаңыз. Кесте, оқу материалдарының жинағы, жиі қойылатын сұрақтар, сүйемелдеу т.б. әр түрлі форматтарды, қайталауды қолданыңыз. Мүмкін болса, қолданыстағы нұсқаулыққа жүгініңіз.

Тизерге арналған әуендер туралы келесідей тегін ресурстарды пайдалануыңызға болады:

* Jamendo: тегін лицензиясы бар көптеген музыкалық шығармалар.

* Freemusicarchive авторлық құқықпен қорғалмаған бірнеше музыкалық композициялар. Әлемдегі өте танымал композициялар.

* Youtube Audiobrary музыкалық композицияларының тізімі. Бейнеге тегін қосуға болатын бірнеше ондаған композиция. Көптеген стильдер ұсынылған: джаз, классика, хип-хоп және т.б.

* Сіздің бейнелеріңізді суреттеу үшін Youtube редакторындағы Creative Commons лицензияланған бейне.

* Soundcloud: авторлық құқықпен қорғалмаған музыкалық композициялар мен дыбыстар бөлімі.

Оқу құралдарына арналған иллюстрациялар

• Flickr: авторлық құқығы жоқ фотосуреттер (тек авторлық құқығы жоқ фотоларды қолданыңыз).

• Openclipart: CC-0 лицензияланған png иллюстрациясы

• Pixabay: Openclipart-та иллюстрациялар, сондай-ақ авторлық құқығы жоқ фотосуреттер.

Ресурстық типология

Ұйымдастырушылық ресурстар жөнінде келесідей сілтемелер пайдалы бола алады және олар үшін ақы төлемейсіз: PikWizard, Pixnio, Pixels, Pxhere т.б.

Жоғарыда санамаланған маңызды қадамдардан өтіп, курсыңызды жасап болғаннан кейін МООК-ты іске қосып, көп білімалушыны тарту ісіне кірісесіз. Курсыңыздың маңызды көрсеткіші – оған жазылғандар саны болып табылады. Сол үшін келесі бөлімдердің нақты, түсінікті әрі мақсатқа сай болуына көңіл бөліңіз:

* МООК тақырыбы

* Оқыту тілі

* Жарнамалық хабарландыру

* Портал трафигін көрсету

* Курсқа жазылу кезеңінің ұзақтығы

* Байланыс жоспары

Келесі қадамда курсқа қабылдау кезеңі күтеді. Бұл тұста курсқа жазылу кезеңінің ұзақтығы (бірнеше аптадан бірнеше айға дейін, тым қысқа кезеңде қатысушыларды жинауға уақыт болмайды). Жазылу жиілігін бақылауды, ең дұрысы, платформаға шыққаннан кейін бастаңыз. Жаппай ашық онлайн курсына (МООК) қойылатын техникалық талаптар -бұл МООС әзірлеуді бастауды жоспарлаған кездегі алғашқы құжат юолып табылады. Оның мақсаты - күрделі жобаға кіріспес бұрын тұжырымдалуы қажет негізгі сұрақтарға назар аудару. Барлық техникалық талаптардағыдай, жүйелі түрде қозғалу қажет: барлық сұрақтарға бірден жауап беру қажет емес, дегенмен олардың бәрі соңында ұсынылуы керек.

Қорытындылай келе, бір қарағанда, МООК құбылысы амалға асырылуы қиын көрінуі мүмкін, бірақ әсіресе отандық университеттер жоғары білімді интернационализациялаудың жаңа процесін назарға алып, осы саладағы әлемдік талаптарға сай болу үшін өздерінің МООК базасын жасауға мүдделі. Сонымен қатар, МООК интеграциясымен байланысты ағымдағы қадамдар мен мәселелерді түсінуге, сондай-ақ алға қарай тиімді іс-әрекеттер жасауға сүйене отырып, жергілікті ЖОО-дары бүкіл әлем бойынша тәжірибелі профессорлар онлайн оқытатын қазақстандық білім беру бағдарламаларын ілгерілете алады. Демек, бұл студенттердің ұтқырлығының жаңа онлайн-бағдарламаларын жасай отырып, шетелдік студенттерді көбірек тартуға көмектеседі. Нәтижесінде, МООК студенттердің қажетті білім мен дағдыларды игерудегі автономиясының жоғары деңгейін жасай алады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. <https://kapital.kz/>
2. Pomerol, J.C., Epelboin, Y., & Thoury, C. MOOCs: Design, use and business models. Retrieved from WileyOnline Library.2015
3. Dyussembekova, Z. (2017, April). OpenU–Kazakhstan’s massive open online courses. Retrieved from <https://astanatimes.com/2017/04/openu-kazakhstans-massive-open-online-courses>
4. Феодорова Г.А. Информатизация управления образовательным процессом. – Москва: «ФЛИНТА», 2016, – 200 с.